

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы" мемлекеттік мекемесін құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 қаңтардағы N 72 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мекеме) құрылсын.

2. Мекеме қызметінің негізгі мәні Қазақстандағы діни ахуалдың даму үдерістерін зерттеу мен талдауды ұйымдастыру, мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен азаматтардың мемлекеттік-конфессиялық қатынастар саласындағы қызметін ақпараттық-талдамалық және ғылыми-әдіснамалық қамтамасыз ету, дінтану сараптамасын жүргізу болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) мекеменің жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Мекемені қаржыландыру тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы 1120 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 41, 532-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 7-жолмен толықтырылсын:

"7. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы" мемлекеттік мекемесі";

2) *(күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.15 N 339 Қаулысымен)*

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК